

"Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің "Допингке қарсы ұлттық орталық" республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 1718 Қаулысы
 «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ спортта допингке қарсы іс-шаралардың жүргізілуін бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – м е к е м е) қ ұ р ы л с ы н .

2. Мекемеге қатысты тиісті саланың уәкілетті органы болып Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) а й қ ы н д а л с ы н .

3. Агенттік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мекеменің жарғысын бекітуді және оны әділет органдарында мемлекеттік т і р к е у д і ;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

1) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының л и м и т т е р і н д е :

17-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

17.	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	931
	Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	832

Қажымұқан Мұнайтпасов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі	184
Кәркен Ахметов атындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі	247
Риддер қаласындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі	112
Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы Олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі	270
Допингке қарсы ұлттық орталық	19

»;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.
Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК